

**ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

ТАҚЫРЫБЫ: ПЛАТОННЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

ОРЫНДАҒАН: САБЫРХАН А.

ТОБЫ: 111-15

ҚАБЫЛДАҒАН: ҮСПБЕКОВА А.

ШЫМКЕНТ, 2018

Ежелгі грек ғалымдары мен философтары еңбектерінде тәрбие мен оқыту мәселелеріне ерекше мән берді.

Грек философы Платон (б.з.д. 427-347 ж.) белгілі грек философы, идеалисі, Сократтың шәкірті. Оның айтуынша, тәрбие мемлекет тарапында ұйымдастырылуы қажет, өзінің мақсаты, мазмұны, әдістемесі, бойынша үстем таптың мүддесіне толықтай сәйкес келуі керек деді.

Платон философияда идеялар туралы іліммен белгілі. Оның пікірінше, тек идеялар нағыз шындық ретінде өмір сүреді. Ол мәңгілік және өзгермейді. Бізді қоршаған заттар тек қана идеялардың әлсіз бейнеленуі, көлеңкесі болып табылады. Сонымен қатар, ол өз пікірінде Афина және Спарта тәрбиесінің кейбір белгілерін біріктіру керек деді.

Оның пікірінше, тәрбие дегеніміз үлкендердің балаларға әсері, балаларда адамгершілікті, қайырымдылықты қалыптастыру, ол “оқу” ұғымына ғылымдарды оқып үйрену арқылы білімді меңгертуді жатқызады, “шындық үшін ойлауды пайдалану да жанды ояту” деп түсінеді. “Кішкентай балалардың ішкі негізі, эмоциялар” болып табылады деді. Ол тәрбие құралы ретінде ойындарға, сонымен қатар әдеби шығармаларды, мифтерді, балаларға оқу және айтып беруге ерекше мән берді. Ол тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оны ұйымдастыруда “Мемлекет” және “Заңдар” сияқты трактаттарында қарастырды.

Мемлекет атты еңбегінде балаларды кішкентай кезінен бастап қоғамдық тәрбие беру идеясын ұсынды. 3 жастан 6 жасқа дейін барлық бала мемлекет тағайындаған, тәрбиелеушілердің басшылығымен алаңдарда ойын ұйымдастыруға ерекше мән берді.

7-12 жасқа дейін балалар мемлекеттік мектепке барады, онда оқуды, жазуды, санауды, сөз өнерін және ән күйді үйренеді. 12-16 жастан дене тәрбиесімен жан жақты айналысқан мектепте –полестраға қатысады. Онда гимнастика жаттығуларымен айналысады.

16 жастан бастап, ғылымның негіздерін, арифметика, астрономия, практикалық мақсатта оқып үйренеді. 20 жастан бастап ақыл ой сабақтарына ешқандай қабілеттілік танытпаған жастар әскери қатарға алынады. Ал жастардың қабілеттері барлар 30 жасқа дейін философияны, арифметиканы, геометрияны, сөз теориясын оқып, үйренеді. Ол мемлекеттік қызметке тағайындалады. Ерекше дарындылары 32-50 жасқа дейін мемлекет басқару ісімен айналысады.

Платонның тәрбие жүйесі дене тәрбиесімен шеттетуге негізделеді, құлдардың балаларына білім алуға тиым салынады. Ол мектепке дейінгі тәрбие, тәрбиенің бір ізді мемлекеттік жүйесі, жағымды үлгі өнеге арқылы тәрбиелеу туралы талаптарын ұсынады.